

**"Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексін (жалпы бөлімі) күшіне енгізу туралы
" Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің 1994 жылғы 27 желтоқсандағы N 269
қаулысын жүзеге асыру жөніндегі шаралары туралы**

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 27 сәуірдегі N 564 Қаулысы

"Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексін (жалпы бөлім) күшіне енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің 1994 жылғы 27 желтоқсандағы N 269 Р940269_ қаулысын орындауды қамтамасыз ету мақсатымен Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Заңды тұлғаларды тіркеу Қазақстан Республикасы Президентінің "Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу туралы" 1995 жылғы 17 сәуірдегі N 2198 Z952198_ Заң күші бар Жарлығында айқындалған ережелер мен тәртіп бойынша жүргізіледі деп белгіленсін.

2. Заңды тұлғаларды 1996 жылғы 1 қаңтарға дейін қайта тіркеу мен олардың кейіннен де тіркелу жұмыстарын ұйымдастыру үшін Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы Кеден комитетінің жергілікті кеден органдарының штаттық санын 380 адамға қысқарта отырып, Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің орталық аппаратының шекті саны 8 адамға және жергілікті әділет органдарында 372 адамға арттырылсын.

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне заңды тұлғаларды тіркеу жөніндегі жаңа құрылып жатқан құрылымдық бөлімшелерді ұстауға қажетті қаражатты бөлсін.

3. Заңды тұлғаларды тіркеуді және олардың филиалдары мен өкілдіктерін тіркеуге алуды жүзеге асырушы Қазақстан Республикасының министрліктері, мемлекеттік комитеттері, ведомстволары мен олардың органдары, сондай-ақ жергілікті атқарушы органдары 1995 жылдың 1 тамызына дейін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің органдарына тіркеу материалдарын тапсырсын.

Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу 1995 жылдың 1 тамызынан бастап әділет органдарында ғана жүзеге асырылуға тиіс деп белгіленсін.

4. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі министрліктермен, мемлекеттік комитеттермен, ведомстволармен және жергілікті атқарушы органдарымен бірлесе отырып бір ай мерзім ішінде заңды тұлғаларды тіркеуді және олардың филиалдары мен өкілдіктерін тіркеуге алуды жүзеге асыратын құрылымдық бөлімшелерін тарату, олардағы қызметкерлердің штаттық санының қысқарту жөнінде ұсыныстар енгізсін.

5. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті облыстардың, Алматы және Ленинск қалаларының әкімдерімен келісе отырып, заңды тұлғаларды тіркеу жөніндегі қызметін жүзеге асыру үшін әділет басқармаларын (бөлімдерін) қосымша қызмет үйлерімен қамтамасыз ететін болсын.

6. "Салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 24 сәуірдегі N 2235 Z952235_ Заң күші бар Жарлығы күшіне енгізілген күннен бастап, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеуге алғаны үшін заңды тұлғаның жиырма жалақы көлемінде, қайта тіркеу мен тіркелгені туралы куәліктің көшірмесін бергені үшін - негізгі еңбек ақының 50 проценті мөлшерінде алым алынады деп белгіленсін.

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (жалпы бөлім) нормаларымен сәйкестендіруге байланысты оларды тіркеу мен қайта тіркеу кезінде заңды тұлғалар тіркеу алымын төлеуден босатылады.

7. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі:

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің заң шығару бастамашылығы жоспарына сәйкес "Мемлекеттік кәсіпорындар туралы", "Жылжымайтын мүлікті иелену құқығын олармен мәміле жасауды тіркеу туралы", "Жылжымайтын мүлік ипотекасы туралы", "Өндірістік кооператив туралы" Қазақстан Республикасы заңдарының жобаларын;

1995 жылдың 1 қыркүйегіне дейін "Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексін (жалпы бөлім) қабылдауға байланысты Қазақстан Республикасы заң актілеріне өзгертулер мен олардың күші жойылған деп тану туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасын;

1995 жылдың 1 тамызына дейін "Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексін (жалпы бөлім) қабылдауға байланысты Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулылары мен өкімдеріне өзгертулер және олардың күші жойылған деп тану туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысының жобасын әзірлеп, Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне ұсынсын.

8. Қазақстан Республикасының министрліктері, мемлекеттік комитеттері мен ведомстволары, сондай-ақ жергілікті мемлекеттік басқару органдары өздері қабылдаған құқықтық актілерді Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексімен (жалпы бөлім) сәйкес келтіретін болсын.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-министрі